

Жақсылықбаева Р.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., е-mail: jak-rimma@mail.ru

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫ МЕН ЗИЯТКЕРЛІК МАҚСАТЫ

ХХ ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық-азаттық қүресінің нәтижесінде Алаш қозғалысы пайда болды. Оның басты мақсаты тәуелсіз қазақ мемлекетін құру болып табылды. «Алаш» қайраткерлері әлеуметтік, гуманитарлық және жаратылыстар ғылымында терең білімді, жоғары интеллектуалды, шынайы ғалымдар болды. Ғылыми мақалада «Алаш» зияяларының қазақ мемлекетін құру жолындағы зияялышық, ғалымдық және шығармашылық өкілдері ретіндегі қызметіне жан-жақты баға беріледі. Автор бұл мақала арқылы қазақ журналистикасы мен Алаш зияяларының еңбектері өлі де талай зерттелуі қажет екенін айқынданай түседі.

Түйін сөздер: газет, мақала, редактор, автор, мемлекет, Алаш зияялары.

Zhaxylykbayeva R.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., е-mail: jak-rimma@mail.ru

Intellectual goals of the leaders of Alash and their national knowledge

In the early twentieth century, during the national liberation struggle of the Kazakh people, the Alash movement emerged. His main goal was the creation of an independent Kazakh state. The "Alash" people were highly educated people, true scholars, who had deep knowledge in social, humanitarian and natural science knowledge. The article deals with the figures of "Alash" and representatives of the Kazakh administrative elite, scientific and creative intelligentsia laid the foundation of the Kazakh statehood. By the author of this article, it was defined that works of Kazakh journalism and Alash intellectuals still require a lot of research to determine that.

Key words: newspaper, article, the chief editor, author, state, Alash intelligentsia.

Жақсылықбаева Р.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., е-mail: jak-rimma@mail.ru

Национальная идея и интеллектуальные познавательные цели руководителей партии «Алаш»

В начале ХХ века, в период национально-освободительной борьбы казахского народа, возникло движение «Алаш». Основной целью движения было создание независимого Казахского государства. Деятели «Алаш» были высокообразованными, интеллектуальными людьми, то есть истинными эрудитами, обладавшими глубокими познаниями в социально-гуманитарном и естественно-научном направлениях. В статье проводится анализ деятелей движения «Алаш», представителей казахской, управленческой элиты, научной и творческой интелигенции заложившие фундамент казахской государственности. Автор акцентирует внимание на необходимости исследований казахской журналистики, в частности, работ интелигенции движения «Алаш».

Ключевые слова: газета, статья, редактор, автор, государство, партия «Алаш», интелигенция.

Kіріспе

Зиялдың сөзі латын тілінен аударғанда – түсінетін, білетін, ақылды деген ұғымдарды білдіретіні белгілі. Зиялды қауым – қоғамның қозғаушы күші. Онсыз ешқандай ұлт алға қарай дамыған емес. Сонау ескі замандардан бастап, көшпелі кеңістіктерден күні бүгінгіге дейін қоғамның алға жылжып, дамуына игі себеп болған, итермелеші күші болған осы – ұлт тізгінің ұстаушылардың, зиялдың ой-қуатының, қажырлы іс-әрекеттері. Басқаныбылай қойғанда, кешегі біртұтас Алаш идеясы кезеңіндегі биікке көтерілген зиялдың рухы одан кейін қашшама тезге түссе де, өзінің ерікті ой-қуатын әлі күнге дейін төмөн туғырғен емес.

Негізгі бөлім

Алаш қозғалысының аға буыны Ә. Бекейхан, А. Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, бастаған бір топ қазак зиялдың ұлттың жағдайын жалпы-халықтық деңгейде көтерді және талқыға салды.

Ұлт-көсемі Ә. Бекейхан Ресейдің маңызды экономикалық жобаларына қатысып, Ресейдің және оның ұлттық аймақтары, оның ішінде қазак ұлттың шаруашылық жағдайымен толыққанды таныс еді, сондықтан оның қазақтың шаруашылық мәселелерін тұнғыш болып көтеруі заңды құбылыс еді [1]. Ресейдің орталық аймағы мен оның ұлттық аймақтарының шаруашылықтары арасында теңсіздік жағдайы және оның салдары туралы Ә.Бекейхан «Игілік іс» мақаласында толыққанды ашып береді [2]. Макалада Ресей мен қазақ шаруашылығы арасында теңсіздік орын алғанын және оның тонаушылық сипатын ашық көрсетеді. Ол қазақтың әлеуметтік жағдайы нашарлап, орта шаруашылықтары азайғанын ашына айтЫП, одан дағдарыстан шығу үшін «кооперацияны» дамыту жолын ұсынады.

Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы революция кезінде қазақ даласында да толқулардың мол бой көрсеткені мәлім. 1905 жылдың күзінде Қарқаралыда ірі демонстация болды. Оны дала генерал-губернаторлығына жолдаған ақпарында Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский «бүлік», «тәртіпсіздік» деп атап, қазақтарды орыстарға карсы көтеріліп жатқандай етіп көрсетті. Осынау реңми өтірікті әлихан Бекейханов батыл әшкере-леді: «Қазақ халқын білмейтін, оның, өкінішке орай, сатрапияға айналдырылған даласын білмейтін қылмыскер адамдар ғана осынша жеңіл-тек ой пішеді», - деп жазды ол «Степной край» газетінің 1905 жылғы 256-санында. – Оссовский-дің әлдеқандай «бүлік» жөніндегі донесениесі – шып-шылғи өтірік. Қазактар әзірге Россияның бостандығы үшін алысқан құрекерлердің ұлты

есімдерін білмейді, сол себепті құрметтей де бермейді, бірақ олар Пестелден бастап, Шлиссельбургтің қазіргі тұтқындарына шейінгі Россия азаткерлерін танып алады және білетін болады...» [3]. Бірінші россиялық революция карсаңында мұнданай өжет сөздерді айтқанда отыз бес жасар әлихан Бекейханов қоғам қайраткері, публицист, танымал ғалым болатын.

Бекейханов 1896 жылдан Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі болып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланды. Оның «Қазақ өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени табыстары» («Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи») атты алғашқы еңбегі 1903 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген көптөмдіктың 17-ші томына енген [3, 196.]. Оның жер-су, шаруашылық жағындағы ғылыми мақалалары Санк-Петербургтегі «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарда жиі шығып тұрған. Омбыдағы орысша, қазақша газеттерге автор болуы өз алдына, ол бірнеше басылымға өзі редактор болған.

Ол қазақтың ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. 1905 жылы Абайды орыс оқырмандарына таныстырып, тұнғыш абайтанушы да болды. Абай шығармаларын жаңа заманың тынысы, қалыптастырып келе жатқан қазақ ұлттық әдебиетінің басы деп бағалады.

Ойталқы

Нағыз ұлт жоқшысы – зиялды. Зиялды – қай кезде де ар тазалығын жоғары ұстаған тұлға. Кез келген уақытта тек ақықат, әділдік жолында жүріп, сол үшін міндетті турде құрессе білсе, ол тіпті оку-білімнің терең болмауы, дипломының жоқтығына қарамастан, ұлттың зиялдысы деп есептелмек. Алаш азаматтары кезінде қарақан басының рахаты емес, ел қамы, ел зары, ел тағдыры үшін күресті. Қандай да қысылтаяң заман болсын, ұлттың рухын түсірмеу үшін, қазақ жерінің тұтастығын қалай болса да сақтап қалу үшін жанын қиоға дайын тұрған. Мысалы, Қытайға босқан қырғыздардың ауыр тұрмыс халіне көмек көрсетуге шақырған қазақ зиялдыңының 1917 жылғы 11 маусымындағы Үндеуіне халқымыздың аяулы арыстары әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Сейдәзім Кәдірбаев, Имам әлімбеков, Елдес Гұмаров қол қойғанын байқаймыз. Бұл үндеу «Қазақ» газетінің 1917 жылғы №233-санында басылған [4].

Ұлттық элита болмысына ой жүгірткенде, Мұстафа Шоқайұлының бейнесі ерекше көз тартады. Азат Түркістан идеясының жаңа тарихи кезеңдегі үні бола білген Мұстафа Шоқайұлы ұлт зиялыштарының ғасыр басындағы қоғамдық-саяси қызыметін ашық талдауға алды. Оның баға жетпес енбекінің бірі Кеңестік биліктің Түркістандағы отаршыл саясатын ымырасыз сынға алғандығы. Оны тұра осы енбекі үшін коммунистік идеология «Отанын сатқан опасыз» деп жариялады. Ал, бүгін біз «Яш Түркістанның» кез келген бетін аша отырып, М. Шоқайұлы сынының әділ екендігіне көз жеткізе аламыз. Мұстафа жазған түрлі тақырыптагы мақалалар Англия, Франция, Польша журналдарында жарияланып тұрды. Жалпы, М. Шоқай – өз заманында шетел баспасөзіне батыл қалам сілтеген тұңғыш қазақ журналисті [5].

Ал, Тұrap Рысқұлов этнограф-фольклорист әбубекір Диваевқа берген уәдесін орындаپ, Орта Азияда (қазіргі Ташкент университеті) отау тігіүінде ұйыткы болды. Бұдан өзге де білім-мәдениет орталарының бой көтеруіне, өнеркәсіп орындарының ашылуына басшылық жасады. Солардың бірі – Түрксіб темір жол құрылышын жүргізді. Тұrap халық комиссарлар кеңесінің Бакудегі өкілі болды. Монголияда жаңа өкіметтің жалауы желбіреуіне атсалысып, оның айтұымен мемлекеттік астанасы Улан-Батор деп атап алды [6].

Білікті дәрігер, іскер ұйымдастырушы Бақтыгерей Бейсенов – нәүебет жылдары қазақтарға арнап алғаш емхана аштырған жан. Оны жұртшылық 1921-1937 жылдары ауыр тұрмыс пен ашаршылықтан азып-тозған ел ішінде бас көтерген оба індепті сынды түрлі жұқпалы аурулардың бетін қайтарып, елді қатерлі дерптің құрығынан аман алып қалған бірден-бір өте зерделі маман, ұлтын сүйген азамат ретінде бағалайды [7].

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін тауып, тұңғыш анықтама беруі – болашаққа сенген арман-тілегі, үміті еді. Кезінде Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми енбектері туралы орыс ғалымдары профессор А.Смайлович, Е. Поливанов бағалы пікірлер айтқан болатын [8].

Кезінде Міржақыппен бірге Алаш партиясында болған Ғазымбек Бірімжановтың Кеңес өкіметі мен Германия арасында жастар алмасып, жаңа заманға лайық, жаңа қоғам құру ісін жүргізе алатын тың тұрпатты кадр даярлау келісімі бойынша Германияда оқып, 1928 жылы агроном-ғалым атағын алып оралғанын біріміз білсек, бі-

ріміз біле бермейміз [9]. 1921 жылы Ғазымбек Бірімжанов «Ақ жол» газетінде жарияланған «Шетке окушылар жіберу, окуға жұмылу керек» (10 мамыр) мақаласында: «...Жаңа заман тұсында қазақ халқының бір орында тұралап тұра беруге хакысы жоқ. Енді қазақты тарихи халыққылу керек. Қазақтың ілгері басып келе жатқандығын жұртқа көрсету керек. Сондықтан шет елдерден оку үйрену – заман талабы. Біздің қазақтың баласы барса, Лондон, Париж, Берлиннің көшесі ойылып кетпейді. Қайта саясат жағынан жер жүзі жинаңгерлерінің алдында Кеңес үкіметіне зор мақтаныш, үлкен абырай болады», -деп жазады [10]. Ғазымбектің бір ғасыр бұрын айтылған арманы 1993 жылы 5 қарашада Н.ә. Назарбаев қаулысымен «Болашак» дарынды жастарға жинақтаған тәжірибелерін мемлекет иглігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясымен жүзеге асырылды.

Еуропа жұртшылығы Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасымен бұдан 100 жылдан астам бұрын-ақ танысқан. Оның парсы тіліндеңгі «Тарих-и Рашиди» атты енбекін ағылшын отаршылдары Үндістаннан тауып, аударып 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет бастырған [11]. Осы аударма Мұхаммед Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты. Ғұламағалым әлкей Марғұлан 1941 жылы «әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында даңқты тарланбоз жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты арнайы мақала жазып халқы-мыздың тарихының тылсым тереңде екенине көніл аударған [12].

Қорытынды

Біздегі бүгінгі зиялды қауым өкілдері билікке қоғамдық пікірді жеткізетін, қалың бұқараның көзін азып, ірі адамгершілік құндылықтарын жасайтын және оны сактау жолында құресетін адамдар болуы тиіс. Зиялды қауым дегенде ауызға бірінші ақын-жазушы, журналистер, ғалымдар, дәрігерлер алынып жатады. Бір жағынан дұрыс та шығар. Дегенмен, әрбір жоғары білімді көзі ашық, көрегі ою қазақ азаматы осы ұлттың зиялышының қатарына кіретінін ескеруіміз керек. Әйткені, зиялыштар қатарына ауылдың қарапайым ақсақалынан бастап, жоғары білімді, иманы мен адамгершілігі бар адамды айтұға болады. Оқымысты, бірнеше дипломы бар адамнан кейде зиялыштың ешбір нышанын байқай алмауымыз мүмкін.

Шын мәнінде зиялыштың деген – адалдық, имандылық деген атаумен қатар айттылатын үғым. Кезінде Ахмет Иасауи бабамыз: «Білі-

мің – шырак, халің – пілте, жағатын май – көз жасың, яғни, қайрат, жігерің», – деп, ақылдың жолын иманмен нұрланған білім арқылы табуға болатынын мензейді.

Ақтанберді жыраудың «Қап түбінде жата ма болаттың асыл сынығы, халқы тозып кем болмас, әділ болса ұлығы», – дегендей, адам мен қоғамның дамуын жан-жақты танып, түсіне білген, елдің басын, ердің басын қосатын ұлтжанды зиялышардың ғана беделі арта түспек.

Зиялышық – білімнің емес, алдымен тәрбиенің жемісі. Зиялышың санасына жоғары құндылықтар жас басынан тек ата-ананың тәрбиесі арқылы беріледі. Бала олардың айтқанын ғана емес, істегенің үнемі көріп өскенде ғана нағыз зиялыш болып өседі. Демек, зиялышық текке де байланысты. Зиялышылықтың шарттары осыдан туындаиды. Тектілік – ауқымы кең, терең ұғым. Тектілік қанмен дарымайды, тәрбиемен беріледі. Демек, тектіліктің тетігі – тәлім-тәрбиеде!

Әдебиеттер

- 1 «Қазак» газеті /Бас редакторы Ә. Нысанбаев. –Алматы: «Қазак энциклопедиясы» Бас редакциясы, -1998. -245 б.
- 2 Бекейхан Ә. Қыр баласы. Игілік іс. // «Қазак» газеті. №107, -1915. 25 акпан.
- 3 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: тұлға және тарих. 1-кітап. Төрт күлік. –Алматы: Рух БГ. 2016. -56.
- 4 Privatsky B. G. Muslim Turkistan: Kasak religion and collective memory. Richmond, 2001. P.8
- 5 Babak V., Vaisman D., Wasserman A. Political Organization in Central Asia and Azerbaijan. Sources and Documents. Copyright, 2004. Cummings Center. 99 p.
- 6 Kasimzhanov A.H. Portraits: Sketches for a History of the Steppe. – Almaty, 1995. – p. 128
- 7 Galiev V. Public activities of political exiles in the North-Eastern Kazakhstan (1890-1904). – Almaty, 2004. – 216 p.
- 8 Musabalina G.T. Elite of Alash Orda. .
- 9 History of Kazakhstan (from ancient times to the present day). Five volumes. Volume 3. – Almaty “Atamura”, 2000. – p. 665-666
- 10 Lamin V.A., Shilovsky M.V. “Siberian autonomists (regionalists) and figures of “Alash-Orda” // Proceedings of the international scientific-practical conference “The influence of the ideas of the movement “Alash” in Eurasia: Past and present”. – P. 27
- 11 Amanzholova D.A. Alash as an ethno-political phenomenon: the experience of the historical and historiographical reflection // Proceedings of the international scientific-practical conference “The influence of the ideas of the movement “Alash” in Eurasia: Past and present”. – p.13
- 12 Dave B. Kazakhstan: ethnicity, language and power. London: Routledge 2007. 242 p.

References

- 1 «Qazaq» gaseti /Bas redaktori A. Nisanbaev. – Almaty: «Qazaq enziklopediasi» Bas redakziasi, -1998. -245 b.
- 2 Bokeihan A. Qir balası. Igilik is. // «Qazaq» gaseti. №107, -1915. 25 akpan.
- 3 Qoizibaev B. Tynekten oralgan esimder: tulga zane tariq. 1-kitap. Tort kylik. – Almaty: RyxBG. 2016. -5b.
- 4 Privatsky B. G. Muslim Turkistan: Kasak religion and collective memory. Richmond, 2001. P.8
- 5 Babak V., Vaisman D., Wasserman A. Political Organization in Central Asia and Azerbaijan. Sources and Documents. Copyright, 2004. Cummings Center. 99 p.
- 6 Kasimzhanov A.H. Portraits: Sketches for a History of the Steppe. – Almaty, 1995. – p. 128
- 7 Galiev V. Public activities of political exiles in the North-Eastern Kazakhstan (1890-1904). – Almaty, 2004. – 216 p.
- 8 Musabalina G.T. Elite of Alash Orda. .
- 9 History of Kazakhstan (from ancient times to the present day). Five volumes. Volume 3. – Almaty “Atamura”, 2000. – p. 665-666
- 10 Lamin V.A., Shilovsky M.V. “Siberian autonomists (regionalists) and figures of “Alash-Orda” // Proceedings of the international scientific-practical conference “The influence of the ideas of the movement “Alash” in Eurasia: Past and present”. – P. 27
- 11 Amanzholova D.A. Alash as an ethno-political phenomenon: the experience of the historical and historiographical reflection // Proceedings of the international scientific-practical conference “The influence of the ideas of the movement “Alash” in Eurasia: Past and present”. – p.13
- 12 Dave B. Kazakhstan: ethnicity, language and power. London: Routledge 2007. 242 p.